

2005-2007 жылдарға арналған облыстық "Ауыз су" бағдарламасы туралы.

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 48/12 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 14 маусымда N 3031 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2005-2007 жылдарға арналған "Ауыз су" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Қалалар мен аудандар әкімдері сумен қамсыздандыру объектілердің сапалы қабылдануы мен пайдалануын қамтамасыз ететін болсын.

4. Облыс табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Г. Досжанова

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының

2005 жылғы 30 мамырдағы

III-сайланған XII-сессиясының

2005-2007 жылдағы арналған

"Ауыз су" облыстық бағдарламасы туралы

N 48/12 шешіміне қосымша

2005 - 2007 жылдарға арналған "Ауыз су"

облыстық бағдарламасы

1. Паспорт

Атауы

2005 - 2007 жылдарға арналған "Ауыз су" облыстық бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиясы; Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 4153 және 1998 жылғы 18 мамырдағы "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын жақсарту жөнінде бірінші кезектегі шаралар туралы" N 3956 Жарлықтары, Қазақстан Республикасы үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы "2002 - 2010 жылдарға арналған "Ауыз су" салалық бағдарламасы туралы" N 93 қаулысы
Негізгі әзірлеуші	Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті
Мақсаты	Облыстың елді мекендерін санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін ауыз сумен қамтамасыз ету
Міндеттері	Облыс тұрғындарын санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін пысықтау және іске асыру
Іске асыру мерзімдері	2005 -2007 жылдар
Қаржыландыру көздері	Республикалық, облыстық бюджеттердің, қалалар мен аудандар бюджеттерінің қаражаттары
Күтілетін нәтижелер	Облыс тұрғындарына санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін сапалы ауыз су беру

2. Кіріспе

Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиясында негізгі басымдықтардың бірі болып азаматтардың денсаулығы анықталған, онда таза су мен пайдалы тағамдарды қолдану, сондай-ақ қазіргі заман технологиялары негізінде су тазарту жүйелерін енгізу, қоршаған ортаны ластап, экологиялық зиян келтіретін объектілерді қысқарту түрлі аурулардың алдын алуға ықпалын тигізеді деп атап көрсетілген.

Талдау барысында облыс тұрғындарын, әсіресе ауылдық жерлерде, су тұтыну сапасы мен мөлшері жағынан сумен қамтамасыз етудің төмендеу үрдісінің қалыптасып отырғаны анықталды. Су құбырларын, суды механикалық түрде көтеретін терең ұңғымаларды жөндеп қалпына келтіру жұмыстарына қаражаттың болмауы сумен қамтамасыз етудің нашарлауына басты себеп болып отыр. Бағдарламаны жүзеге асыру облыс елді мекендерінің тұрғындарына сапалы ауыз су беруді, жұқпалы аурулардың таралуының алдын алуға мүмкіндік туғызады.

3. Облыс елді мекендерін ауыз сумен қамтамасыз ету сапасының қазіргі жағдайын талдау

Сумен қамтамасыз ету көздері

Ертіс өзені мен "Қаныш Сәтбаев атындағы арнаның" су ресурстары облыс тұрғындарын, өндірістік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланатын ең ірі су көздері болып табылады. Облыстағы 130 шағын өзендер мен уақытша ағын сулардың ішінде қысқа мерзімдік көктемгі ағынның орташа жылдық шығысы $0,1-0,5 \text{ м}^3 / \text{сек}$ құрайтын Шідерті, Өлеңті, Сілеті, Ащысу, Түндік, Қарасу өзендерінің маңызы ерекше.

Күзге қарай әдеттегідей ұсақ өзендер тартылып, сортаң және тұзды сулы жерлерге айналады. Облыстағы 1210 көлдің 8%-ының ғана суы тұщы. Сондықтан да осы уақытша ағын сулар мен көлдер тұрақты сумен қамтамасыз ету көздері бола алмайды.

Облыс аумағында су ресурстары біркелкі бөлінбеген. Үстіңгі ағыс негізінен Ертіс өзенінің сулары (жылына $28,9 \text{ км}^3$), ал болжамдық жер асты сулары ресурстарының негізгі бөлігі Ертіс өзенінің артезиан бассейніндегі бор және палеогендік түзілімдердің қысымдық су ағысы кеңістігімен дәлестірілген. Жер асты тұщы суларының басым бөлігі облыстағы Ертіс өзенінің оң жағына тараған, бұлар - Лебяжі, Павлодар, Шарбақты, Успен, Качиры аудандары. Ертістің сол жағындағы орталық және оңтүстік бөлігі жер асты тұщы суларына тапшы, бұлар - Ақтоғай, Екібастұз, Баянауыл, Май аудандары.

2001 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Павлодар облысында қалаларды, елді мекендерді шаруашылық мақсатындағы ауыз сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ жер алқаптарын суландыру үшін суармалы жерлерге пайдалануға пайдалы жер асты қазбаларының қоры жөніндегі Мемлекеттік комиссия және қазақстанның геологиялық басқармаларындағы пайдалы жер асты қазбаларының қоры жөніндегі Аймақтық Комиссия (АҚК) жер асты тұщы суларының пайдалану қорын жылына ($1,4 \text{ км}^3$) барлау жұмыстарын жүргізді және бекітті. Барлығы 11 жер асты тұщы су көздері табылды. Республика бойынша болжамдық жер асты су ресурстары көлемінің пайдалану қорларының шамамен 47%, ал Павлодар облысы бойынша 30,9% барлау жұмыстары жүргізіліп бекітілді. Қазақстан аумағындағы барлау жұмыстары жүргізіліп бекітілген жер асты сулары қорының 8,8% Павлодар облысының үлесіне тиеді. Тұщы су көздері орындарын барлау жұмыстары 1953 - 1992 жылдар аралығында жүргізілді. Осы кезеңде бұрғыланған пайдаланудағы құбырларда минералданудың артуы анықталды, пайдаланудағы су көздері бөліктерінің қоры таусылды. Сондықтан бұрын барлау жұмыстары жүргізілген су орындарының гидрогеологиялық, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларының өзгергенін ескере отырып су қорын қайта есептеу керек. Бұл, әсіресе облысымыздың гидрогеологиялық жағдайы нашар, сол жақ жағалауындағы бөлігіне қатысты. Ертіс ауданының оң жақ бөлігінде, Ақтоғай, Екібастұз, Баянауыл, Май және Ақсу аудандарының тұщы суы бар жерлерін анықтау мақсатында барлау жұмыстарын жүргізу қажет. Аймақтың басым бөлігінде үстіңгі және ортаңғы белдеудің геологиялық жолақтары ішуге жарамсыз, 10 г/л-дан жоғары минералдандырылған ащы судан тұрады.

2004 жылы Железин ауданының Уәлиханов, Башмачное, Церковное ауылдарында, Ақтоғай ауданының Харьков ауылында, Баянауыл ауданының

Қойтас, Қараашы ауылдарында, Екібастұз қаласының Құдайкөл ауылдық аумағында тұрғындарды сумен қамтамасыз ету мақсатында жерасты су қорын анықтау жөніндегі іздестіру-зерттеу жұмыстары басталды. Геофизикалық зерттеу және ұңғымалар бұрғылау жұмыстары орындалды. 27,0 млн. теңге игерілді. 2005 жылы тәжірибелік жұмыстарды, тәртіптік бақылауды, есептілікті жасап оны қорғау жұмыстарын орындау жоспарланып отыр.

Ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз ету мақсатында бірінші кезекте су ресурстары тайыз орналасқан (100-150 метрге дейін) белдеулердің су қорлары игеріледі. Пайдалануға жарайтын жерасты тұщы су ресурстары болжамын анықтау неогендік, палеогендік және ширек қыртыстардағы су қоры бар белдеулерде жүргізіледі.

Облыстың ауылдық елді мекендерін ауыз сумен қамтамасыз ету.

Қазіргі кезде облысымызда 509 ауылдық елді мекен бар, оларда 317 мың адам тұрып жатыр. Солардың ішіндегі 97 елді мекенде су құбырлары жұмыс істеп тұр, 392 елді мекенде ауыз суының көздері орталықтандырылмаған, 20 елді мекен түрлі су көздерінен тасымалданатын ауыз сумен қамтамасыз етілген, қалған 134 елді мекен санитарлық стандартқа сәйкес келмейтін ауыз суды пайдалануда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" N 4153 және 1998 жылғы 18 мамырдағы "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын жақсарту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы" N 3956 Жарлықтарына сәйкес облыс тұрғындарын қажетті мөлшерде және сапасы кепілденген ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету үшін 2001 жылғы 19 қаңтардағы Павлодар облыстық Мәслихаты (II сайланған IX сессиясы) сессиясының шешімімен 2001-2003 жылдарға арналған "Ауыз су" бағдарламасы бекітілді, онда облыстың 215 елді мекенін сумен қамтамасыз етуді жақсарту және осы мақсатқа жергілікті бюджеттерден 584 млн. теңге бөлу қаралған. Бұл бағдарлама әкімшісі болып облыс су шаруашылығы департаменті белгіленді.

"Ай-Су" Концерні" ААҚ мамандандырылған жобалау мекемесімен ТЭН-лері жасалып экологиялық сараптамадан өткен соң бекітілген болатын. Осы мекеме объекті құрылысының үш кезеңдік жұмыс жобаларын жасады. Сумен қамтамасыз етудің нұсқаларын техникалық-экономикалық салыстыру негізінде м ы н а д а й :

"Мембранды технологиялар СА" ЖАҚ жасаған су тазалайтын және тұщыландыратын технология бойынша минералдылығы жоғары жер асты суларын пайдалана отырып, елді мекендерде жергілікті су көздерін салу; облыстың қалалары мен ауылдық елді мекендерінде су құбырларын қалпына келтіру және қайта құру;

Беловод және Май топтық су құбырларын қалпына келтіру нұсқалары

ұ с ы н ы л д ы .

Жұмыс істеп тұрған сумен қамтамасыз ету жүйелерінің тиісті техникалық жағдайына қолдау көрсетуге басты назар аударылып отыр. Оларға техникалық қызмет көрсетуге және ұстап тұруға қалалық және аудандық бюджеттерден қаражат бөлу қаралған.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - облыс тұрғындарын сапасы кепілденген ауыз сумен қажетті мөлшерде қамтамасыз ету.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

облыс тұрғындарын сапасы кепілденген санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін ауыз сумен қажетті мөлшерде қамтамасыз етуге арналған шараларды әзірлеу және іске асыру;

жұмыс істеп тұрған су тартқыштарды, су тартқыштары бар су құбырлары жүйелерін қалпына келтіру және кеңейту;

жаңа технологиялар негізінде су тазарту жүйелерін енгізу;

сумен қамтамасыз ету көздерінің қажетті жұмыс жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі табиғат қорғау шараларын өткізу;

су шаруашылығы жүйелерін тиімді пайдалануды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және ұстап тұруды қамтамасыз ету, осы жүйелерді техникалық қызмет көрсету және ұстап тұру жөніндегі маман кадрлары бар заңды тұлғаларға бекіту болып табылады

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Облыс тұрғындарын сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешу бағыттары б о л ы п :

жұмыс қабілеттілігін қалыпты жағдайда ұстап тұру мақсатында бұрын жұмыс істеп тұрған сумен қамтамасыз ету жүйелерін қалпына келтіру және жетілдіру; пайдаланатын судың сапасын жақсарту болып табылады.

Бағдарламада аз шығындармен облыс тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызатын мынадай:

терең ұңғымалар бұрғылап іздестіру-зерттеу және кейіннен сумен қамтамасыз ету қондырғыларын салу жұмыстарын жүргізу;

су тарту және су құбырлары жүйелері мен қондырғыларды жөндеу, қайта құру және тиісті қалыпта ұстап тұру, облыс елді мекендерінде жерасты суларын п а й д а л а н у ж ө н і н д е г і ;

жерасты суларының минералдылығы жоғары елді мекендерде экономикалық жағынан тиімді су дайындайтын пункттерді (БМЖ) салу;

жоба сараптамасын, техникалық бақылауды жобалау-сметалық құжаттамалармен, бағдарлама объектілерін жалпы бақылауды қамтамасыз ету;

БМЖ қондырғыларын дайындауды, жабдықтауды және орнатуды ұңғымалар бұрғылауға мердігерлік жұмыстардың көлемін тендерлік негізде сатып алу, ұңғымалардың санитарлық аумағын жайластыру, су шаруашылығы объектілері құрылысын пайдалануға "кілтке" тапсыру шаралары қаралған.

6. Қажетті ресурстар мен Бағдарламаны қаржыландыру көздері

Бағдарламаның жалпы құны есепке сәйкес нарықтық бағамен республикалық және облыстық бюджеттің қаражаттары есебінен 2005-2007 жылдары 5496,09 млн. теңгені, соның ішінде облыстық бюджеттен - 534,42 млн. теңгені, республикалық бюджеттен - 4961,67 млн. теңгені құрайды.

Елді мекендердің тізбесі мен объектілер бойынша қаржыландыру көлемі жыл сайын сметалық бағасына және қаржы бөлуге байланысты анықталады. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен салынған барлық объектілер коммуналдық меншікке беріледі.

Қатарға қосылған сумен қамтамасыз ету объектілерін пайдалану.

Осы Бағдарламаны орындау үшін объектілер пайдалануға тапсырылғаннан кейін жабдықтардың кепілдік мерзімі біткенше мердігерлік кәсіпорын техникалық қызмет көрсетеді, ол аудандардың әкімдерімен шарт жасаса отырып, кепілдік мерзімі біткеннен кейін де техникалық қызмет көрсететін болады.

Сумен қамтамасыз ету объектілерінде жұмыс істеуді су өңдеу технологияларын толық сақтай отыра жұмыс ұйымдастыра алатын, қоғамдық тамақтану орындарында жұмыс істеуге рұқсат қағазы бар (санитарлық кітапша), санитарлық гигиена бойынша курстан және су өңдеу жабдықтарын пайдалану жөнінде қысқа мерзімдік дайындықтан өткен (заңды немесе жеке) тұлға жүзеге асырады.

Бағдарламаны әлеуметтік-саяси жарнамамен қамтамасыз ету - Бағдарламаны әлеуметтік насихаттау және ақпараттық қамтамасыз етудің негізгі мәні болып табылады. Облыс тұрғындарын, бақылаушы және атқарушы органдарды кең көлемде хабардар етуге қол жеткізу мақсатында іс шаралардың мынадай тұтас кешені қаралған:

облыстық және аудандық газеттерде Бағдарламаның орындалу барысын жариялап отыруды ұйымдастыру;
арнайы телерепортаждар дайындау;
облыстық радиода тақырыптық хабарлар ұйымдастыру;
ауылдық жерлердегі елді мекендерді сумен қамтамасыз ету жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлап отыру.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарлама сумен қамтамасыз ету жағдайының одан әрі нашарлауын тоқтатуды, ауыз сумен қамтамасыз ету көздеріндегі судың сапасын, суға қол

жеткізу мүмкіндігін және облыс тұрғындарының денсаулығын жақсарту мен қорғау мақсатында жүйені дамыту жөнінде жоспарлы түрде жұмысты жалғастыруды көздейді.

Бағдарламаның іс-шараларында 116 елді мекен қамтылған.

Бағдарламада қаралған сумен қамтамасыз етудің жана жүйесін құру, бұрын жұмыс істеп тұрған су құбырлары жүйелерін қалпына келтіру, саланы ресурстық және нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, ауыз су тарату бойынша қызмет нарығын құру және тағы басқа шаралар:

ауыз су сапасының стандарт нормалары мен санитарлық қағидаларының талаптарын толық орындау арқылы сумен қамтамасыз ету жүйелері мен су көздерінің сенімділігін арттыруға;

ішуге жарамды жергілікті жер асты суларын барынша толық пайдалануға; негізінен бактериялармен ластанған жер үсті су көздерінің суын орталықтандырылмаған ауыз суы ретінде пайдалануға жол бермеуге;

сумен қамтамасыз ету көздеріне экологиялық кері әсер ету мүмкіндігінің алдын алуға;

облыстағы ауыз су сапасының жедел мониторинг жүйесін жалғастыруға мүмкіндік берді.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 116 елді мекенде сумен қамтамасыз ету жүйелерінің құрылысы мен қайта құру объектілерін пайдалануға тапсыру жұмыстары орындалады деп күтілуде.

Ауыз сумен қамтамасыз етудегі түбегейлі өзгерістер әлеуметтік-тұрмыстық және санитарлық-эпидемиологиялық қанағаттанарлық жағдайлар туғызып, нәтижесінде облыс тұрғындарының тән саулығы мен жан саулығына жақсы әсер ететін болады.

8. 2005-2007 жылдарға арналған "Ауыз су" облыстық бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары

№ р/с	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орын-дау мерзімі	Күтілетін шығындар (млн. теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу заңнамаларына сәйкес облыстың ауылдық елді мекендерінде:	әрбір елді мекен бойынша бекітілген жеке жұмыс жобалары, жұмыстарды	Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, экономика және бюджеттік	2005, 2006, 2007 жылдардың ІІ тоқсандары	35,00 20,00 20,00	

	<p>2005 жылы 2006 жылы 2007 жылы</p> <p>сумен қамтамасыз ету объектілерін салуға және қайта құруға жобалау сметалық құжаттамалар әзірлеу жұмыстарына қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алуға конкурстық құжаттамаларды әзірлеу және орындаушылармен шарттар жасасу</p>	<p>орындауға арналған құжаттамалар топтамасы</p>	<p>жоспарлау, сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменттері</p>			Облыстық бюджет
2	<p>Жұмыстарды ұйымдастыру, олардың орындалу сапасына бақылау жасау, сумен қамтамасыз ету объектілерін пайдалануға қабылдау</p>	<p>Құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау актісі</p>	<p>Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменттері , аудан әкімдері</p>	<p>2005-2007 жылдардың мамыр-желтоқсан айлары</p>	<p>Қаржыландыру қажет емес</p>	
3	<p>Мына аудандар бойынша облыстың елді мекендердегі ауыз су сапасын жақсарту жөніндегі объектілерді қайта құру және ұнғымалар бұрғылау:</p> <p>Павлодар-1 ауыл (Красноармейка ауылы)</p> <p>Шарбақты-1 ауыл (Хмельницкий ауылы)</p> <p>Железин-2 ауыл (Веселая Роща, Новокузьмин ауылдары)</p> <p>Качиры-1 ауыл (Березов ауылы)</p> <p>Ертіс-1 ауыл (Қосағаш ауылы)</p>	<p>Құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау актісі</p>	<p>Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменттері , қалалар мен аудандар әкімдері,</p>	<p>2005 жыл</p>	<p>114,07 23,40</p> <p>12,60</p> <p>24,00</p> <p>30,00</p> <p>24,07</p>	Облыстық бюджет

4	<p>Мына аудандар бойынша елді мекендердегі ауыз су сапасын жақсарту жөніндегі объектілерді салу, қайта құру және ұнғымалар бұрғылау:</p> <p>Павлодар қаласы (ауылдық аймақ)-1 ауыл (Мойылды ауылы)</p> <p>Железин-2 ауыл (Новокузмин, Веселая Роша ауылдары)</p> <p>Ақсу (ауылдық аймақ)-2 а у ы л (Сольветка, Алғабас ауылдары)</p> <p>Баянауыл-1 ауыл (қаратомар ауылы)</p> <p>Качиры-1 ауыл (Березов ауылы)</p> <p>Ертіс-1 ауыл (Панфилов ауылы)</p> <p>Шарбақты-1 ауыл</p>	<p>Құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау актісі</p>	<p>Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, сәулет, қ а л а құрылысы және құрылыс департаменттері , қалалар мен аудандар әкімдері,</p>	<p>2006 жыл</p>	<p>158,67 3,40 30,00 30,78 19,00 26,19 29,30 20,00</p>	<p>Облыстық бюджет</p>
5	<p>Мына аудандар бойынша елді мекендердегі ауыз су сапасын жақсарту жөніндегі объектілерді салу, қайта құру және ұнғымалар бұрғылау:</p> <p>Железин-1 ауыл (Новокузмин, Веселая Роша ауылдары)</p> <p>Павлодар-1 ауыл (Заңғар ауылы)</p> <p>Баянауыл-4 ауыл (сұлжон, ЦЭС, копар, ұзынбұлақ ауылдары)</p> <p>Ертіс-2 ауыл (Токта, ұзынсу ауылдары)</p> <p>Успен-1 ауыл</p>	<p>құрылысы аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау актісі</p>	<p>Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменттері , қалалар мен аудандар әкімдері</p>	<p>2007 жыл</p>	<p>186,68 28,66 13,67 59,52 41,62 23,21 20,00</p>	

	(Ковалев, богатырь ауылдары) Шарбақты-1 ауыл (Хмельницкий ауылы)					Облыстық бюджет
6	Сумен қамтамасыз ету жүйелерін үздіксіз пайдалануды қамтамасыз ету	Облыстың ауылдық елді мекен тұрғындарына үздіксіз ауыз су беру	Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменттері, қалалар мен аудандардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері	Ұдайы		Қалалар мен аудандардың бюджеттері, Қазақстан Республикасы заңнамаларымен т ы й ы м с а л ы н б а ғ а н қ а р а ж а т к ө з д е р і